

## "Жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 272 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысы Қармақшы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 қыркүйектегі № 363 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 қыркүйекте № 7632 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Кодексінің 139-бабының 9-тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы" Қармақшы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 272 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7002 нөмірімен тіркелген, 2019 жылғы 5 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтағы "денсаулық сақтау", "ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар" деген сөздер алынып тасталынсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы аудандық мәслихаты сессиясының төрағасы

Д. Буханов

Қармақшы аудандық мәслихатының хатшысы

М. Наятұлы